

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі N 302 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің әскери қызметшілері мен өртке қарсы мемлекеттік қызметтің белгіленген тәртіппен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет көрсетулерге ақшалай өтемақыға құқығы бар арнаулы атақ берілген қызметкерлері лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қаңтардағы N 43 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 1, 14-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

4

с ә у і р д е г і

N

3 0 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ескерту. Тізбенің тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге ақшалай өтемақы төленетін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің тізбесі

1. Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы және оның орынбасарлары, департаменттердің, "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемелерінің, басқармалардың, мамандандырылған жасақтардың, жасақтардың, бөлімдердің, бөлімшелердің, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдерінің, өрт сөндіру бөлімдерінің, техникалық қызметтің өрт сөндіру бөлімдерінің, күштер мен құралдарды жедел басқару орталықтарының, өрт сөндіру байланысы орталық пункттерінің, қарауылдардың, "ұсталмайтын қорлар" қоймаларының, бекеттердің (кадр, қаржы, медицина, шаруашылық қызметтерін және оқу мекемелерін қоспағанда) бастықтары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.11. N 760 , 2007.05.28. N 430 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.19. N 712 қаулыларымен.

2. Департаменттер, "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемелері, басқармалар, мамандандырылған жасақтар, жасақтар, бөлімдер, мамандандырылған өрт сөндіру бөлімдері, өрт сөндіру бөлімдері, техникалық қызметтің өрт сөндіру бөлімдері, күштер мен құралдарды жедел басқару орталығы (кадр, қаржы, медицина, шаруашылық қызметтерін және оқу мекемелерін қоспағанда) бастықтарының орынбасарлары.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.05.28. N 430 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.19. N 712 қаулысымен

3. Ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторлар, инженерлер, анықтаушылар, ерекше маңызды істер жөніндегі анықтаушылар, инспекторлар, диспетчерлер, өрт сөндіру жетекшісінің көмекшілері (кадр, қаржы, медицина, шаруашылық қызметтерін және оқу мекемелерін қоспағанда).

4. Бас инспекторлар, бас мамандар, өрт сөндіру жетекшілерінің орынбасарлары, өрт сөндіру жетекшілерінің көмекшілері, мамандандырылған жасақтар бастықтарының, бастықтарының көмекшілері (жедел кезекшілер), инженерлер, инспекторлар, анықтаушылар (кадр, қаржы, медицина, шаруашылық қызметтерін және оқу мекемелерін қоспағанда).

5. Газ-түтіннен қорғау қызметтерінің, құтқарушылардың, өрт сөндіру машиналарын жүргізу жөніндегі аға нұсқаушылар (жүргізушілер).

6. Газ-түтіннен қорғау қызметінің, байланыстың аға шеберлері.

7. Аға механиктер, жүргізушілер, техниктер, радиотелефоншылар, өрт сөндірушілер, өрт сөндіруші-құтқарушылар, бақылаушылар, прожекторшылар.

8. Радиостанциялардың бастықтары, бөлімшелердің командирлері, сүңгуірлер, жүргізушілер, диспетчерлер, шеберлер, кіші инспекторлар, мотористер, радиотелефоншылар, өрт сөндірушілер, өрт сөндіруші-құтқарушылар, прожекторшылар, барлық атаудағы техниктер, бақылаушылар, механиктер.